	аудару. (қоршаған ортамен таныстыру) Бірдей көліктерді топтастырып ойнату. түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі көлемі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. (сенсорика)	таңбалап салу арқылы бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту сурет салу) Дидактикалық ойын «Ғажап сандық»	әрекеттері (қоршаған ортамен таныстыру)	таныстыру) Қимылды ойын «Кім жылдам»	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үлкен аласа шыршаларды салыстыру,ажырату. Сенсорика Аяз ата жайлы видеоролик Қоршаған ортамен танысу	«Мен жақсы көретін Аққала»мүсундеу, жапсыру,сурет салу құрастыру	Аяз ата әнін айту Қимыдармен көрсету Музыка	Жыл басына таласқан хайуанаттар ертегісінің вмдеосын көрсету. Қоршаған ортамен танысу,көркем әдебиет	Логикалық ойын. «Жануарлар не береді» шарты: Интерактивтік тақтадағы жануарларға келесі бетіндегі жануарлар адамға не беретіндігіне

					байланысты заттарды қосу. Сенсорика
Балалармен жеке жұмыс	 дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауды үйрету.	 «Алма» тақпағын жаттату.	 саусақ бұлшықеттерін дамыту.	 көркем қабылдауын дамыту.	 кұрдастарымен қарым қатынас жасауын қалыптастыру. бірдей жемістерден топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету дағдысын қалыптастыру.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Қ/О Қарапайым құрылыстарды (жол,мұнара) атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау дағдысын дамыту (құрастыру) Еркін ойындар Жеке әңгімелесулерді жүргізу	Қ/о «Жалауға қарай жүгір» Өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу- көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын жетілдіру. (сенсорика)	Қ/О Еркін ойындар	Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беру (қоршаған ортамен таныстыру) Ойын «Ортамызда кім жоқ»	Қ/О «Жалауға қарай жүгір» Қарапайым құрылыстарды (жол,мұнара) атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау дағдысын дамыту (Құрастыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті	«Не қалай дыбыстайды?» ойыныШарты: бір жануар айтылады оның жауабының үш нұсқасы болады,тез	Тіл ұстарту. «Ыс - ыс - ыс, келіп жетті қыс» «Ар - ар - ар, жауып жатыр ақша қар» көркем	Әдемілеп біз ілген,Ойыншықтар тізілген.Қандай әсем шыршамызӘн шырқайық баршамыз Көркем	Шырша сөзін анық айтқызу Сөздерді кезек кезек айтқызу Топпен жұмыс	Жаңа жыл туралы сұрау Мереке жайлы әңгіме Сөйлеуді дамыту

	дұрыс жауабын табу керек. Жылқы: үреді, кісінейді, мөңірейді. Сиыр: мөңірейді, үреді, маңырайды. Ит: кісінейді, маңырайды, үреді. Қой: маңырайды, мөңірейді, бақылдайды. Музыка, сөйлеуді дамыту	Әдебиет	Әдебиет		
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қаңтар айы 2024 жыл 1 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенб 03.01.2024	Бейсенбі 04.01.2024	Жұма 05.01.2024
Балаларды қабылдау			Балабақша әнімен жақсы көңіл күймен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен қарсы алу	Әдемі қуыршақпен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру			Баланың денсаулығы тәртібі жайлы әңгіме	Баланың балабақшадағы көңіл күйі жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			Ойын: "Біз естиярбаламыз" Допты қағып ала отырып, өз бойындағы ерекшелікті айтып, қасындағы досына допты береді Коммуникативтік дағдылар	Ойын жаттығу: "Дұрыс-бұрыс" Мақсаты: Балалар жаттығуды дұрыс жасап, бұрыс жасаған жерін өздері түзтеді Дене шынықтыру	Ойын: «Сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Балалар әрқайсысы өз ойыншықтарын таныстырып әңгімелейді. (Еркін ойын)
Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.	Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру	Балаларды әңгіме айтуға үйрету: түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден жүру «жыланша» жүгіру; 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана) ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; бағыт бойынша түзелу	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден жүру «жыланша» жүгіру; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; бағыт бойынша түзелу. Қимылды ойын:	Музыка Музыка тыңдау: Дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажыратады. Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтады, бірге бастап бірге аяқтайды, үндестік сақтайды.

			Қимылды ойын: Кішкене маймылдар	Қояндар Қазақ тілі Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.	
			Шырша түбіндегі ойыншықтармен ойын. Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді дамыту. (математика негіздері) Дайын шыршаның бетіне ойыншықтарды таңдап, үйлестіріп жапсыру. Шыршаның түбіне өз қалаулары бойынша ойыншықтар қойғызу (жапсыру)	Терезеге қарап бүгінгі ауа райын бақылау. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кенейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың (суретін салу, қағаздан қиып жапсыру) .	Балаларға жаңа жылдық ертеңгілікте киген ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсету. Өз бетінше таңдап киіп ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. (көркем әдебиет) Үш бірдей қорапшаны көрсету. Ішіндегі заттарды санау және салыстыру. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету (математика негіздері)
Екінші таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге				

	дағдыландыру.				
Серуен			Бақылау: Қысқы аңдардың тіршілігін бақылау. Балаларға суреттер арқылы аю, кірпі, қоян, қасқырдың қысқы тірлігі туралы әңгімелету. Еңбек: Аяқ киімдері мен тондарын қардан тазарту. Жеке жұмыс: сурет арқылы әңгімелеу. Балалардың сөздік қорын молайту, ой – өрісін дамыту. Қимылды ойын: «Даусын таны» Мақсаты: балаларды бір – біріне жақындастыру, даусын таныту. Өзіндік іс – әрекет: Қардан қамал тұрғызу.	Бақылау: Қыста киетін киімдерді ажырата білуге, оларды аттарымен атауға үйрету. Еңбек: қар тазалау. Балаларды еңбекке баулу. Жеке жұмыс: Жаңылтпаш жаттау 1. Ақ, ақ Секендейді лақ. 2. Аң, аң Аң патшасы – арыстан. Қимылды ойын: «Алып қаш» Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Өзіндік іс – әрекет: Аққала жасау, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Бақылау: Қысқы аңдардың тіршілігін бақылау. Балаларға суреттер арқылы аю, кірпі, қоян, қасқырдың қысқы тірлігі туралы әңгімелету. Еңбек: Аяқ киімдері мен тондарын қардан тазарту. Жеке жұмыс: сурет арқылы әңгімелеу. Балалардың сөздік қорын молайту, ой – өрісін дамыту. Қимылды ойын: «Даусын таны» Мақсаты: балаларды бір – біріне жақындастыру, даусын таныту. Өзіндік іс – әрекет: Қардан қамал тұрғызу
Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың үйде жаңа жыл мерекесіне алған сыйлықтарының суретін салу, мүсінін жасауына жағдай жасау. (сурет салу, мүсіндеу) Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру (құрастыру)	Топтағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасату. Олардың қыс мезгіліндегі тіршілігі туралы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу) Топтағы өсімдікті немесе жануарды қалауы бойынша мүсіндеу немесе суретін салу. (мүсіндеу, сурет салу) Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру (көркем әдебиет)	Ертегі кітаптарын қарау, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау. (сөйлеуді дамыту) Оқылған ертегі желісі негізінде көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (мүсіндеу) Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту. (жапсыру) Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ертегі желісіне жетпей қалған кейіпкерді құрастыру (құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс			 отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытуды үйрету. (ә-5)	 қысқа және ұзын жолақтарды қиюды жетілдіру.	 қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастыруға үйрету. (ш-4)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау				

	және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен			Қимылды ойын «Трамвай» Балабақша ауласындағы шыршаларды тамашалау. (қоршаған ортамен танысу)	Бірғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту (музыка) Еркін ойындар	Қимылды ойын «Хан талапай»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті			Қоянның азығы жайлы әңгіме	Жабайы жануарлар мен үй жануарларын ажыратуын қадағалау	Қыс мезгіліндегі ерекшеліктерді сұрау
Балалардың үйге қайтуы			Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу.	Қимылды ойын «Жасырынбақ» Балаларды шапшаң болуға үйретеді.	Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қаңтар айы 2024 жыл 2 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.01.2024	Сейсенбі 09.01.2024	Сәрсенб 10.01.2024	Бейсенбі 11.01.2024	Жұма 12.01.2024
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту	Үш түрлі смайликмен қарсы алу	Балалық шақ күйімен қарсы алу	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Ертегілер кейіпкерлерімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстаттығын жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ғажайып сөздер. Тәрбиеші: Балалар сабақта үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады. «Қонақ келсе, құт келер» Қазақ тілі	Қасықтың суретін бояу. Сурет салу Кесенің суретін желімдеу, Жапсыру	Бауырсақтарды тәрелкеге орналастыру. Жапсыру Дөңгелек пішіннен бауырсақ салу. Сурет салу Балалардың қалауы бойынша шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған жұмыстар	Дастаханды әшекейлеу, ұлттық оюлармен. Жапсыру іс-әрекеті Қағаздан үстел жасау. Құрастыру әрекеті	сурет салу әрекеті Шәйнекті бояу Қасықтарды санау реттік сан есімдерді атау, "Нешінші?", "Саны бойынша қайсысы?" сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту; Математика негіздері
Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдебиет шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік	Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс аруды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.	Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік	Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жуппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді дамыту	5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету

	кұралдарын (интонация, ым-ишара, кимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.	Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.	иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүру; шашырап жүгіру; 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру <u>Қимылды ойын:</u> Тауықпен мен балапандар <u>Спорттық жаттығулар:</u> Шаңғымен жүру: ересектердің көмегімен шаңғымен бірінің артынан бірі жүру;	Музыка Музыка тыңдау: Дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажыратады. Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтады, бірге бастап бірге аяқтайды, үндестік сақтайды.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден жүру; шашырап жүгіру; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру. Қимылды ойын: Торғайлар мен мысық	Музыка Музыка тыңдау: Дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажыратады. Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтады, бірге бастап бірге аяқтайды, үндестік сақтайды. Қазақ тілі үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: жүру; шашырап жүгіру; 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру Қимылды ойын: Тауықпен мен балапандар Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру: ересектердің көмегімен шаңғымен бірінің артынан бірі жүру;
	Балабақшаның суретін көрсету. Мамандық иелерінің суреттерінен балабақшада жұмыс	Дәрігер қонаққа келеді. Өзінің мамандығы жайында балалардан не	«Менің қалам» тақырыбында үйлер құрастыру. Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте	Дәрігер Дәрігермін мен деймін, Кәрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні Кәрілікті жең деймін.	Метр өлшеуіш құралын және сызғышты таныстыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы

	жасайтын қызметкерлердің суретін таңдау. Оларды балабақшаның қасына тізіп қою. Олардың қандай қызмет жасайтындары туралы әңгімелету. (көркем әдебиет) Аталмай қалып кеткен мамандық иелерін таниды ма сұрау. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу) Мамандық иелерінің суреттерін бояумен бояу. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүртуді орындату.	білетінін сұрау. Өзінің құралдарымен таныстыру. Өкпесін тыңдау, балаларға тыңдату. Дене температурасын өлшейтін құралмен таныстыру. Одан қорқудың қажеті жоқ екенін түсіндіру. Балаларға дәрігердің киімдерін киіп рөлдік ойындар ойнату (көркем әдебиет) Балаларды орталықтарға бөлу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Дәрігердің қобдишасына дайын пішіндерді қиып жапсырту. (жапсыру) Дәрігерге арнап естелік суреттер салдырту. (сурет салу) Дәрігердің құралдарының мүсінін жасап, қобдишаға салдырту. (мүсіндеу)	орналасуын айқындату. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылысшылар туралы ақпарат беру. Балалардың жақындарының арасында құрылысшылар бар ма сұрау. (құрастыру) Мамандық иелерінің киімдерін киіп еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. (көркем әдебиет)	<i>Ө.Тұрманжанов</i> Құрылысшы Қолда темір қалағым, Саздан сарай саламын. Алматыдан аумамайтын Әсем қала саламын. <i>ІІІ. Садыханов</i> (көркем әдебиет) Алтын қоржыннан әр түрлі заттар шығару. Оларды салыстыру, санау. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды меңгерту (жоғары-төмен, қалың-жұқа). (математика негіздері)	жайлы түсінік беру. жуандығы бойынша заттарды салыстыруды үйрету (математика негіздері) Мен болашақта болатын мамандық жайында әңгімелесу? Неге ол мамандықты ұнатады? Ол қандай киім киеді? Қандай құралдармен жұмыс жасайды? Сұрау. (сөйлеуді дамыту)
--	--	---	---	--	---

Екінші таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Суықторғайды бақылау Мақсаты: — Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру; — Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру. Бақылау барысы Көркемсөз А. Мендібай Қарағай мен шыршаның Суықтан дені тоңып тұр. Бұл не ғажап қарасаң, Қайыңда алма өсіп тұр! Жақын келіп қарасам, Көзіме өзім сенбедім- Алқызыл болып көрінген, Әнші құсы орманның Суық торғай сен бе едің? Тәрбиеші жұмбақ жасырады: Айналаны қар басса да, Суықтан еш тоңбайды. Құс екенін бұл қандай, Қане, кім болжайды? Кеудесі қызыл әсем-	Боранды күнді бақылау Мақсаты: желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақ жасырады: Жерді тырнап, бұтаны ырғап, Шөпті сипап, ұшады зырлап, Жанын кинап, ұлиды зарлап. (боран) Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды Ақ көрпесін жапты да, Ақ боран-ау, ақ боран, Аяз кенет аптыға, Алай-түлей соқ боран. Айналаны үрледі, Ақ қар ұшып үйрілсін, Ақ бораны гуледі. Ауламызға үйілсін. Жас ұланмын шыныққан, Жасқанбаймын суықтан. Қардан жасап аққала, Сырғанамаймын	Бақылау «Қардағы құс іздері» Мақсаты: қардағы құс іздерін тани білуге үйрету . Бақылау барысы Балаларға сұрақтар ♦ Из дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі) Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну.. ♦ Қалай ойлайсындар, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба? ♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады) Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі.. ♦ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?) Зерттеу жұмысы	Жеңіл көліктерді бақылау Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін <i>бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.</i> Бақылау барысы Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев Бұзба көше тәртібін, Ұрынасың апатқа. Қызықты өтсін әр күнің, Жақын болма шатаққа. Көшеден өтер кезінде, Абайлап қара жан-жаққа, Келе жатқан көлікке, Жол бер, өтсін, асықпа! Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: ♦ Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер? ♦ Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? (<i>жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер</i>) ♦ Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? (<i>ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды</i>) ♦ Көліктердің қандай пайдасы бар? (<i>адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарады</i>) ♦ Көліктердің адамға қандай кедергісі бар?	Күн мен түн неге ауысады? Мақсаты: Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру. Бақылау барысы Сендер қалай ойлайсындар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады. Балаларға сұрақтар. ♦ Жұлдыздар түнде қайда кетеді? (<i>жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді</i>) ♦ Күн неге батады? (<i>жер күнді айналады, сонықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.</i>)

	ак, ♦ Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл) ♦ Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың орман көлеңкесінде) ♦ Суықторғайлар бізге қай уақытта ұшып келеді? (алғашқы аяз түскенде) ♦ Суықторғайлардың балапандары қай уақытта көрінеді? (мамыр айында) ♦ Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) ненің дыбысына ұқсайды? (флейта аспабының дыбысына-ұяң, мұңды) ♦ Қандай құстар қыстан қорықпайды? (суықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай) ♦ Суықторғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктер дәндерімен) Зерттеу жұмысы Құстар ізін қарау. Оларды қарға мен жануарлар (мысық, ит) іздерімен салыстыру. Қандай айырмашылығы бар? Еңбек Ойын алаңын қардан тазалау.	шаттана. Тәрбиеші сұрақтары: • Қалай ойлайсындар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы) • Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр) • Боран кезінде неліктен күрткі қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күрткі қар пайда болады) • Қалай ойлайсындар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды) Зерттеу жұмысы Келесі күні ауланы қарау. Түбі	Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу. Еңбек Қардан қала тұрғызуға қар жинау. Мақсаты: Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру; Жұмысты жоспарлау. Қимылды ойын «Ізбе із». Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.. Жаттығу ойындары Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру.. Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту. Халық болжамы: - Қар көп болса, нан мол болады. - Қатты аязда этеш ерте шақырса, күн жылынады. - Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. - Қыс аязды болса, жаз ыстық болады	(<i>таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады</i>) ♦ Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? (<i>Жүк машиналары</i>) ♦ Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен? ♦ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек? Еңбек Ауланы бірлесе отырып тазалау. <i>Мақсаты :</i> — бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу; — жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету. Қимылды ойын «Бағдаршам». <i>Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.</i> Жаттығу ойындары Ұзындыққа секіру . <i>Мақсаты:</i> Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету.	Зерттеу жұмысы Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа). Еңбек Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. <i>Мақсаты:</i> <i>еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.</i> Қимылды ойын «Жердің күнді айналуы». <i>Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту.</i> Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту «Шығырыққа лақтыру». <i>Мақсаты: мергендіктерін дамыту.</i> <i>Мақал-мәтел: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.</i>
--	--	--	--	--	---

	<i>Мақсаты:</i> еңбексүйгіштікке тәрбиелеу Қимылды ойын «Ұшты-ұшты». <i>Мақсаты:</i> аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу Жаттығу ойындары «Қапшықтағы жемді жеткіз». <i>Мақсаты:</i> тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру <i>Халық болжамы:</i> <i>Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.</i>	ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу. Еңбек Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қару. Мақсаты: Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Желдиірмен». Мақсаты: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау. Жаттығу ойындары Қимылдарды дамыту. Мақсаты: секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен).			
Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке				

	орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Біздің балабақшаның апайлары. Әр бала өз тандауы бойынша бір мамандық иесін мүсіндейді. Ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру. (мүсіндеу) Дайын мамандық құралдарын бейнелерге апары желіммен жапсырту. (жапсыру) Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу (музыка)	Құрылыс материалдарынан дербес әрекет жасату. (құрастыру) Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда шырша, сол жағымда апай) айтуды үйрету. (математика негіздері)	Алдыңғы танысқан балбақша қызметкерлері, дәрігер және құрылысшы туралы не білетіндерін естеріне түсірту. Содан соң орталықтарға бөлініп өздеріне ұнайтын мамандық иелерінің суреттерінің қасына олардың құралдарын қиып жапсыру немесе ермексаздан жасату. (мүсіндеу, жапсыру) Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды үйрету. Аю ойыншығын баланың әр жағына қою арқылы, дұрыс атауын үйрету. (математика негіздері)	Кітаптар қарату, өздері білетін ертегідерді сахналау. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру. «Еңбекпен тапқан ақша» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Еркін тақырыпта жұмыс. (жапсыру)	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін дамыту. Бұрынғы заманда қандай мамандықтар болғаны туралы сұрау, балалардың ойларын тыңдау. (құрастыру) Орталықтарға бөлініп «Мен болашақта _____ мамандық иесі боламын» тақырыбында шығармашылық жұмыстарын жасату. Тандауы бойынша сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді орындату
Балалармен жеке жұмыс	 музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдауды дағдыландыру.	 қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуді жетілдіру.	 мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым-қатынас негіздерін білуге дағдыландыру.	 бала өзінің «Мен» бейнесін көрсетеді, ойын ашық айтады, өзінің пікірін білдіреді, өзімен санасқанды, өзін құрметтегенге баулу.	 тәулік бөліктерін ажыратады, оларды атай білуге үйрету.

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан түрлі геометриялық пішіндерді бір бірден әр бала алып, көруін және сипап сезу арқылы зерттеу жасауын ұйымдастыру (математика негіздері) Балаларды әңгіме айтуға үйрету: түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. (сөйлеуді дамыту) Еркін ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту	Түстен кейін аяздың түсетінін, ауа райының өзгерістері туралы айту, бақылату. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Сақина жасыру.»	Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату (музыка) Еркін ойындар Қимылды ойын «Орамал тастамақ»	Қарда суреттер салу. (сурет салу) Еркін ойындар Тақпақтарын қайталау, бүгінгі күннің ерекше сәттерін еске алу, әңгімелету Қимылды ойын «Ханталапай»	Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) дамыту, кеңейту. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Сақина жасыру.» Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату (музыка)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті	Тілді жалпақ қыл. Мақсаты: тілді сабыр, бос қалыпта ұстау икемділігіне дағдыландыру. Бейнелеуі: күлімдеп, ауызды ашыңқырап, тілдің алдыңғы жалпақ шетін төменгі	Тауықтар мен балапандар» Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ана мен	Фотосуреттер қарастыру «Жануарлар әлемі». Қоршаған ортамен танысу	Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құйып қарау Әлеуметтік дағдылар	Музыка тыңдап шаттану. Шығармашылық дағдылар

	ерінге салып қоямыз. Тілді осы қалыпта 5-10ға дейін санағанша ұстау керек. Әдістемелік нұсқау: Ерінді қатты, күш салып созбау керек. Астыңғы ерінді қайырмау керек. Тілді артық шығармай, астыңғы ерінді жауып тұратындай ұстау керек. Тілдің қырларын ауыздың бұрыштарына тигізіп ұстау. Бұл жаттығуды жасай алмаса, «Бағынбайтын тілді жазала» деген жаттығуға қайтып оралу керек.	бала арасындағы сүйіспеншілікке, адалдыққа, мейірімге, сыйластыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалардың жартысы тауықтар, ал қалғандары балапандар болады. Балапандары аулада серуендеп, ойнап жүреді де, аналарынан тығылып қалады. Аналары балапандарын іздейді.			
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналарға кеңес «Бүгін балабақшада нендей қызықтар болды».Өз баласын әңгімеге тартуы	Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу.	Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу.	Қимылды ойын «Жасырынбақ» Балаларды шапшаң болуға үйретеді.	Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қаңтар айы 2024 жыл 3 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.01.2024	Сейсенбі 16.01.2024	Сәрсенб 17.01.2024	Бейсенбі 18.01.2024	Жұма 19.01.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдыратып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны: «Тілдік санамақтар» Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қазақ тілі	Құрылыс ойындары «Фигураларды құрастыр» Төрт таяқшадан шаршы құрастыр Құрастыру	«Біз шынығамыз» Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз Міне, біздер қандаймыз ! Көркем әдебиет	Саусақ ойыны «Жаттығамыз» Қуыр, қуыр, қуырмаш Балапанға бидай шаш Қуыр, қуыр, қуырмаш Әжең келсе есік аш. Көркем әдебиет	«Тазалық – денсаулық кепілі» Таза бала мұнтаздай Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бұл қандай Жақсы көрер бар адам. Сөйлеуді дамыту
Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. жуандығы бойынша заттарды салыстыруды үйрету	Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен	Геометриялық пішіндер: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды меңгерту (жоғары-төмен, қалың-жұқа).	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды қалыптастыру	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру.

		белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: жүру; жыланша жүгіру; 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: Қоймадағы тышқандар	Музыка Музыкалық- ырғақты қимылдар: Марш сипатын ырғақты жүріспен бере білуге, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруге, би қимылдарын орындауға үйренеді.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден жүру; шашырап жүгіру; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, Қимылды ойын: Кішкене маймылдар Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру: ересектердің көмегімен шаңғымен бірінің артынан бірі жүру;	Музыка Музыкалық-ырғақты қимылдар: Марш сипатын ырғақты жүріспен бере білуге, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруге, би қимылдарын орындауға үйренеді. Қазақ тілі Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: жартылай отырып, бұрылып заттарды айналып жүру; Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу; туннельарқылы еңбектеу; сапқа тұру. Қимылды ойын: Сақина жасыру
	«Көлік жүргізушісі» ойынын ойнату. әр баланы жүргізуші етіп, тапсырмаларды орындату. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары- төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел, сол	Ғажайып қорапшадан түрлі көлік түрлері шығады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын атйып беруді үйрету. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге	Балалардан бүгін қай мезгіл, аптаның қай күні туралы сұрау. Карточкалар арқылы тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» күн тәртібіндегі іс әрекеттерді тәулік бөлігінің қай кезінде болатынын айту.	Ұшақ пен кемелердің суреттерін көрсету. Кім ұшаққа немесе кемеге мініп көрді сұрау. Алған әсерлері туралы сұрау. Ұшақ қалай ұшады, кеме қалай жүзеді ойын арқылы көрсету, әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту) Шығармашылық қиялды дамыту. Ұшақ пен кемелерді қиып жапсыру. (жапсыру)	«Үміт» әңгімесін оқып беру. Балаларға ат пен сиыр баяғы заманда көлік құралы болғанын айту. болашақта оларда күшті көлік құралдарын ойлап табатыны туралы айту. (сөйлеуді дамыту) Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: жолда жүру ережелерінен не білетінін сұрау. Топта ережелерді белгілеу. Балалардың ұсынған

	жағымда орындық тұр). (математика негіздері) Көлік жүргізушісі туралы не беледі? Жүргізуші барлық көлікке қажет пе? Балалардың ойларын тыңдау, кітаптардан көлік түрлерінің суретін қарату. (сөйлеуді дамыту)	үйрету (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу)	(математика негіздері) Қара жорға әнін айтқызу, би қимылдарын жасату. (музыка)		ережелерін плакаттарға салып, топта іліп қою (қоршаған ортамен танысу, сурет салу)
Екінші таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Ағаштарды бақылау Мақсаты: <i>ағаштар туралы білімдері кеңейту, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</i> Бақылау барысы Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу. Әңгімелесу: - Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін)	Қарғаларды бақылау Мақсаты: - қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру. - қарғалардың тіршілігін бақылау - құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Қара түсті қарқылдақ, Ұшып, қонып	Қар ұшқындарын бақылау Мақсаты: — Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару; — Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту.. Бақылау барысы Көркем сөз «Суретші қыс» К. Нүсіпов Қонақтайды бақтарға, Ақ көбелек, ақ мамық. Аунап таза ақ қарға, Балалар жүр мақтанып. Тазарып бар кір, шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет сала бастады. Балаларға сұрақтар: ♦ Жауған қар қандай?	Бақылау: Терезеден аяз суретін бақылау. Байқағыштық сезімін дамыту. Еңбек: Ойын құралдарын тазалау. Өз заттарына ұқыпты болып, құралдарын таза ұстауға дағдыландыру. Жеке жұмыс: Тақпақтар жаттату. Өкпелетсе мамасы, Өкпелетсе мамасы Өкпелетсе ағасы «Айтам» дейді, әжеме, Әжесінің баласы. Бір – біріне өкпелемей, бірге ойнау керектігін түсіндіру. Қимылды ойын: «Кім жүйрік?» Мақсаты: жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету. Өзіндік іс – әрекет: бір – бірімен келісіп, тату	Бақылау: Қарғаның тамақтануын бақылау. Қарғаның тамақтануын көрсету, қыста құстарға тамақты жерге бермей, арнайы жемсауытқа салуға үйрету. Еңбек: Кішкентайларға көмектесу. Кіші топтың балаларына серуендеуге көмектесу. Жеке жұмыс: Мақал – мәтелдер айту: Оқу – білім бұлағы, Білім – өмір шырағы. Қимылды ойын: «Ұшты – ұшты» Мақсаты: Шапшаңдыққа, тыңдай білуге тәрбиелеу. Өзіндік іс – әрекет: киім шкафтарын жинастыру.

	- Ағаштар неге қыста өспейді? - Ағаш тамырлары қалай қыстайды? - Ағаштарға қыс мезгілі керек пе? - Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады) Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау. Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев Жауған күні қар алғаш, Ағаштарды аядым. «Тоңбасын»- деп бұл ағаш, Орап қойдым аяғын. Балаларға сұрақтар. ♦ Ағаштардың қандай пайдасы бар? ♦ Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар) Зерттеу жұмысы Жазда бұта өскен жердегі қарды тереңдетіп қазу. Қар	жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (қарға) <i>Қарға қыстап қалатын құс. Ол өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді.</i> <i>Халық қарғаның іс-әрекетіне қарап ауа-райын болжаған. Егер қарға айналып ұшса аяз болады, қарға қарқылдаса қар жауады, егер қарға таңертең ағаштың басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған.</i> Көркем сөз «Қарға» С.Сейфуллин Қарға, қарға, қарғалар, Көзден жасы сорғалар. Қар үстінде жорғалар. Қар үстінде жем көрсе, Боран сокса қор болар, Қапелімде қолға алар. Бұтаға келіп қорғалар. Екі шоқып, бір қарар, Қысып кетсе сары аяз, Деп «жолымды»	♦ Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай? ♦ Жақсылап қарандаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?. Д/О: «Ұқсас өрнекті тап». Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу Зерттеу жұмысы Алақандағы қар неге ериді? Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады? Еңбек: Қардан қамал тұрғызу Мақсаты: - Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу; - Бастаған істі аяқтауға үйрету. Қимылды ойын «Екі аяз» <i>Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекетте білу және назар аудара білу дағдыларын дамыту.</i> Жаттығу ойындары «Байқап өт». <i>Мақсаты: заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.</i>	ойнауға баулу.	
--	--	--	---	----------------	--

	астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. . Еңбек Жауған қарды ағаш түбіне үю. <i>Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.</i> Қимылды ойын «Кім ағашқа бұрын жетеді?». <i>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.</i> Жеке жұмыс: «Затты тап». <i>Мақсаты:</i> — Балабақша ауласында бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.	оңғарар. Зерттеу жұмысы Балабақша ауласынан құстар ізін іздеу, салыстыру Еңбек Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу. <i>Мақсаты:</i> бірлесе еңбек етуге баулу. Қимылды ойын «Пингвиндер доп ойнап жүр». <i>Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу.</i> Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> нысанаға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту			
Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
